

Елбасы және
Тәуелсіз
Қазақстан

4-5 беттер

Елдің
өркендеу
өлшемі

11 бет

Жартылай
финалистер
анықталды

14 бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№125 (30104) 5 ШІЛДЕ, ДҮЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жыйнама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі

Қазақстан Президенті Елорда күніне арналған мерекелік іс-шараны дәстүрлі түрде ашатын Мемлекеттік Ту көтеру салтанатты рәсіміне қатысты, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

– Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге – 30 жыл. Сондықтан бұл рәсімнің тарихи маңызы айрықша. Көк Туымыз – Тәуелсіз Қазақстанның ең басты рәмізі. Халқымыз үшін азаттықтан асыл, байрақтан биік құндылық жоқ. Қазақтың тарихы «Туың жығылмасын!» деген бірауыз тілекке сыйып тұр. Бабаларымыз қашанда туын биік ұстаған. Елдігі сыңа түскен сәтте байрақ астына бірігіп, тұтастығын танытқан. Ерлік пен бірліктің дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, Тәуелсіздік дәуіріне ұласты. Егемен елдің көк байрағы – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары әскери оқу орнының түлектерінің алдында сөйлеген сөзінде Мемлекеттік Туымыз бен еліміздің бас қаласы ұлт бірлігінің жарқын символы екенін айтты.

– Елордамыз – қазіргі Қазақстанның бетке ұстар бас қаласы. Еліміздің орталық мегаполисі болашаққа жол ашатын ордаға, жалпы ұлт болып ұйысудың және шынайы патриотизмнің үлгісіне айналды. Тұңғыш Президент – Елбасы мен миллиондаған отандасамыздың қажырлы еңбегінің арқасында бой көтерген қала – халқымыздың мақтанышы. Отанымыздың жүрегі дәл осы жерде соғып тұр. Аса маңызды шешімдердің бәрі осы жерде қабылданып, салмақты ой-пікірлер ортаға салынып, бірегей жобалар жүзеге асырылып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президентінің пікірінше, елорда дарынды, жігерлі отандастарымыздың, сондай-ақ өзге мемлекеттердің көптеген азаматтың бас қосатын орталығына айналды. Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы дала кіндігінде қасиетті Туды



биікте желбірте отырып, еркіндік пен егемендік мұратына бейілді екенімізді атап өтті.

– Елорда күні адамдарды қолдап, шабыттандыру, бірліктің күшін, өзара көмектің маңыздылығы мен әр азаматтың ортақ іске қосқан үлесінің құндылығын дәріптеу үшін аса маңызды. Елорда тұрғындары екеп салу науқаны мен шектеу шараларын сақтау кезінде алдыңғы қатарда болуы қажет. Жаппай вакцина-налау қалыпты тыныс-тіршілікке қайта

оралудың, адамдардың денсаулығын сақтаудың жалғыз жолы екенін дұрыс түсінуіміз керек. «Біз біргеміз!» ұраны аса қастерлі индетке қарсы күрестегі жеңісіміздің бойтұмары болатынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Рәсім барысында жоғары әскери оқу орнының 12 үздік түлегі Қазақстан Президенті – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас қолбасшысының қолынан офицер погонын алды.

– Оқудың сәтті аяқталғаны құтты

болсын, жас офицерлер! Офицерлік шен – бұл, ең бірінші, Отан алдындағы зор жауапкершілік. Болашақта командир атанып, жас сарбаздарға тәлім бересіздер. Сондықтан отаншыл, батыл және айбынды болып, үлгі көрсету аса маңызды. Мүлтіксіз қызмет ету – бәріңізге ортақ міндет. Антқа

адал болу, Тәуелсіз елімізді қорғау – қастерлі парыз, – деді Мемлекет басшысы.

Жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсімге қатысушылардың барлығын келе жатқан Елорда күнімен құттықтап, Отанымыздың өсіп-өркендей беруіне тілектестік білдірді.

Мемлекеттік Ту көтеру рәсімінен басталған мерекелік шаралар легі Елорда төрінде Алаш арыстарына, Дина Нұрпейісоваға, Қаныш Сәтбаевқа арналған ескерткіштер ашу салтанатымен жалғасты. Айтулы іс-шаралар туралы газеттің ішкі беттерінен оқи аласыздар.

Елбасына еңселі ескерткіш

елорда төрінде ашылды

Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа орнатылған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне орнатылған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты. Ескерткіш елордада Әлихан Бөкейхан мен Керей, Жәнібек хандар көшелерінің қиылысындағы жуырда ашылған саябақтың аумағында орналасқан.

Ескерткішті ашқан Президент жиынға қатысушылардың алдында сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайын Елорда күні қарсаңында қаланың рухани келбетін көркейте түсетін жаңа кешендер ашылатынын атап өтіп, бытыр осы игі дәстүрмен Елбасы кітапханасы музейінің бой көтергенін және оның алдынан ашылған саябақ қала тұрғындары үшін жайлы демалыс орнына айналғанын айтты.

– Сондықтан бүгін біз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың құрметіне орнатылған тарихи ескерткішті дәл осы жерде ашып отырмыз. Мерейлі жылда мұндай сәулет туындысының бой көтеруі – заңды құбылыс, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев

мемлекеттіліктің негізін қалыптастыруға, еліміздің шекара шебін айқындауға, халықаралық келісімдермен біржола шегендеуге, жаһандық дағдарысты еңсеруге, халықаралық беделін нығайтуға Нұрсұлтан Назарбаевтың зор үлес қосқанын атап өтті.

– Елбасы көптеген халықаралық бастама көтеріп, мемлекетімізді жаһандық саясаттың төріне шығарды. Оны бүкіл әлем ұлы саясаткер, тарихи тұлға ретінде біледі. Қасиетті Отанымыз – Қазақстанның бүгінгі және ертеңгі ұрпағы осындай ұлт перзентіне қарап, бой түзейді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы аса қауіпті сын-қатерлер мен жаппай қираған қиын-қыстау кезеңде Елбасы халықтың өзіне деген сенімін ұялатып, ертеңгі күнге деген үміт отын жаға білгенін атап өтті.

– Халықты ауқымды өзгерістерге талмай жетелеген Тұңғыш Президент аса жауапты өзгерістердің, ауқымды реформалардың нақты іске асырушысына және Тәуелсіздігіміздің символына айналды, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт



Тоқаев мемлекетіміздің саяси және экономикалық жетістіктерінің негізінде Елбасының бірегей бастамалары жатқанына назар аударды.

– Елбасының стратегиялық бағыты – елімізді одан әрі жаңғыртуға негізделген саясатымыздың берік негізі. Құбылмалы әлемде реформаларды табысты жүзеге асыру үшін бізге айқын

идеологиялық бағдар, орнықты әрі құнды негіз қажет, – деді Президент.

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев ұлт мүддесіне қызмет еткен көрнекті қайраткерлерге ескерткіш қою – тарихи тұлғаларымызға шынайы құрмет көрсету деген пікір білдірді.

Осыған байланысты Президент Алаштың үш арысы

– Әлихан Бөкейханға, Ахмет Байтұрсынұлына, Міржақып Дулатұлына, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевқа және басқа да көрнекті тұлғаларға арналған ескерткіштер ашылатынын айтты.

Жиын соңында Мемлекет басшысы Қазақстан халқын келе жатқан Елорда күнімен құттықтады.

РЕСМИ

КАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

(Соңы 12-бетте)

КАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

(Соңы 13-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 504.21

USD/KZT 424.99

RUB/KZT 5.81

CNY/KZT 65.66

